

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛАТАУСКОГО РАЙОНА
 2015 ж. 02. 03 заңды
 № 279-1910-03-119 куәлік
 2007 ж. 22. 11
 Алматы қаласының бұқаралық тәртіптен қыста өткізіледі
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АЛАТАУСКОГО РАЙОНА
 производная государственная перерегистрация
 юридическое лицо 22. 03 2015 г.
 свидетельство № 779-1910-03-119
 Дата первичной регистрации 22. 11 2007 г.
 БОШЕИМ 071140018 578

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының

2015 жылғы « 23 » ақпан

№ 46

бұйрығымен бекітілген



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қаласы
 2015 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мекетеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес құқықтық-ұйымдық нысанда құрылған, дарынды балалардың спорт негіздерін терең меңгеруіне бағытталған элитарлық білім беруді қамтамасыз ететін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын және спортшыларды даярлау білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асыратын мамандандырылған оқу мекемесі болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: республикалық мемлекеттік мекеме.

3. Мемлекеттік мекеме «Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт комитеті Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы «Спорттағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп-интернаты мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 19 шілдесіндегі № 613 қаулысымен құрылды. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің кейбір мәселелері туралы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №1440 қаулысы негізінде қайта аталды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті (бұдан әрі – уәкілетті орган) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы:

Толық:

Мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің Алматы қаласының «Шаңырақ» шағын ауданындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мекетеп-интернат-колледжі» республикалық мемлекеттік мекемесі;

Орыс тілінде: Республиканское Государственное Учреждение «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва» в микрорайоне «Шанырақ» города Алматы» Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан;

Қысқаша:

Мемлекеттік тілде: - «Шаңырақ» шағын ауданындағы ОРРММИК РММ;

Handwritten signature

Орыс тілінде: - РГУ РСШИКОР в микрорайоне «Шанырақ».

7. Мемлекеттік мекеменің мекен жайы: 050061, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ -1 ықшам ауданы, Өтемісұлы көшесі 71.

2. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі.

8. Мемлекеттік мекеме ол мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшаға жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы субсидиарлық жауаптары болады.

12. Мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелері міндетті олар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

3. Мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы мен мақсаттары

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің нысанасы негізінде орта білімнің, жалпы орта білім беруден оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіби білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыру Қазақстан Республикасының құрама командалары үшін спорттың түрлерінен спорттық резервін даярлау, спорт пен дене шынықтыру саласындағы мамандарды даярлау болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты әр оқушының жеке қабілеттіліктерін дамыту таңдаған спорттың түрімен айналысу үшін, қолайлы жағдай жасау болып табылады.

15. Мемлекеттік мекеме қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қызметтің мына түрлерін орындайды:

1) республикалық және халықаралық деңгейдің жоғарғы деңгейдегі спортшыларын, жүргізілетін спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларына үміткерлерді және мүшелерін даярлау;

2) мамандарды үздіксіз даярлауды есепке аса отырып, жалпы орта білім беретін оқу бағдарламасын іске асыру;

3) кәсіби білім бар спорт пен дене шынықтыру саласындағы құзыретті мамандарды даярлау;

4) жүргізілетін спорт түрлерін дамыту бойынша бағдарламаны іске асыру;

5) жоғары білікті спортшыларды даярлау жүйесін жетілдіру;

6) «Олимпиада резервінің Республикалық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжінде» жаттықтырушы - оқытушылар құрамының жұмысына әдістемелік басқаруды жүзеге асыру. таңдаған спорттың түрін медициналынуға және оқуда қолайлы жағдайлар жасайды.

7) мына міндеттерді шешу:

- әр оқушының табиғи қабілеттің жан-жақты дамыту;

- толық көлемде жыл бойғы оқу-жаттығу сабақтарын өткізуді ұйымдастыру, жарыстарға қатысу;

- Қазақстан Республикасының құрама командаларына кандидаттардың резервін әзірлеу;

- таңдаған спорт түрінде жеке тұлғаның үздіксіз жетілдіруге ішкі қажеттіліктерін қалыптастыру;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру және орташа кәсіби пәндер бойынша Мемлекеттік мекеме үкілеті орган бекітетін оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын оқу процесінің кестесін, күн тәртібі мен оқу кестесін әзердейді.

8) жарыстар жаттығулар және жиындар уақытында мектеп-интернат-колледждің оқушыларын жазатайым жағдайлардан сақтандыруды шарт жасау қамтамасыз ету;

9) таңдаған спорт түрінде болашақ мамандық үшін қабілетті спортшыларды іріктеудің жақсы ұйымдасқан жүйесін қамтамасыз ету;

10) тәрбие жұмысын ұйымдастыру, спорт этикасын, жинаңылықты сақтау дағдыларын спортшыларға дарыту;

11) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру.

16. Спорт түрлерінен оқу бағдарламалары жарысмен оқу жоспарына сәйкес оқушы-спортшылардың оқу жаттығу тәрбие процесінде жалғастыру үшін, мемлекеттік мекемеде жаздық демалыс кезеңінде спорттық-сауықтыру лагер құрылады.

17. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті тиісті лицензия болған жағдайда жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік мекемеге Жарғыда бекітілген оның қызмет нысанасы мен мақсатына сәйкес келмейтін келісімді қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

19. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәмле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәмле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талабы бойынша жараламсыз деп танылуы мүмкен.

20. Мемлекеттік мекеме жетекшісінің Жарғыдан тыс қызметін мемлекеттік мекемесімен жүзеге асыруға бағытталған еңбек міндеттемелерін және тәртіптік және жауаптылық шараларын қолдану арқылы өз материалдық қызметін пайдалану болып табылады.

4. Мемлекеттік мекемені басқару

21. Мемлекеттік мекемені басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті орган.

22. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 4) мемлекеттік мекеменің құрылымын бекітеді және шекті штаттық санын келіседі;
- 5) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 6) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 7) мемлекеттік мекеменің құрылымын айқындайды;
- 8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 10) мемлекеттік мекемелердің филиалдар мен өкілдіктер құруына келісімін береді;
- 11) директорының ұсынымы бойынша мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерді қызметке тағайындауға және қызметтен босатуды келісі еді;
- 12) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын лауазымға тағайындайды;
- 13) Заңнамамен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

25. Басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің дербес мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында мемлекеттік мекеменің басшысы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында іссапарлар, тағылымдамаға бойынша, оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың өзге де түрлері бойынша тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банктік шоттар ашады;
- 7) барлық қызметкерлерге міндетті бұйрықтар шығарып, нұсқаулар береді;
- 8) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеменің жұмысқа қабылдап, қызметтен босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу шараларын қолданады және оларға тәртіптің жаза қолданады;
- 10) өз орынбасарланың және мемлекеттік мекеменің өзге басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 11) сыбайлас жемқорлықпен күресу бойынша жұмысты ұйымдастырады және көрсетілген жұмысқа дербес жауап береді;
- 12) өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін уәкілетті органға кандидатуралар ұсынады;
- 13) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті орган жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

27. Мемлекеттік мекемеде педагогикалық кеңес құрылады – алқалы басқару органы, оның басты міндеттері білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұжымның күшін біріктіру, мекеменің педагогикалық ұжымының қызметін педагогикалық жұмысты және оқу - тәрбие, оқу - жаттығу жұмыстарын жетілдіруге бағыттау, педагогикалық ғылым мен озық тәжірибелер жетістіктерін практикаға енгізу, білім алушылардың ауысуына және бітіріп шығуына қатысты мәселелерді шешуіді қамтамасыз етеді.

28. Мемлекеттік мекемеде алқалы басқару органы ,болып табылатын жаттықтырушылар кеңесі құрылады, онда жаттығу- оқу, тәрбие жұмысы, спортшыларды даярлауды жеке жоспарлау, жарыстарға қатысу мәселелері қаралады, жаттықтырушы жаттығу процессінің кейіннен жетілдіру әдістемелерін, ашық жаттығу сабақтарын өткізу жөніндегі, талқылау және тәжірибе алмаса отырып оларды мәселелер қарастырылады.

29. Мемлекеттік мекеменің алқалы басқару органының бірі оқу – әдістемелік кеңестері болып табылады, олардың міндеттері оқу, жаттығу, тәрбие

процестерін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру, мекемеде шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдарын және басқа да материалдарды басып шығаруға жоспарлау, оқу, жаттығу, тәрбие процестерін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру, біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу процессінің мазмұнын талдау, оқытушылар құрамының әдістемелік - оқу бірлестіктерінің шығармашылық (тұрақты және уақытша) орталықтарының жұмысын ұйымдастыру, сондай-ақ мекемеде әдістемелік жұмыстарды ұйлестіру мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің аттестаттауға қатысу болып табылады.

30. Мемлекеттік мекемеде қамқоршылық кеңесі алқалы басқару нысанының бірі болып табылады, оның қызметінің мақсаттары мемлекеттік мекемеге жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға жәрдемдесу, білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында оқушылары мен педагогикалық ұжым үшін қажетті жағдайлар жасау, қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету, мемлекеттік мекеменің әрі қарай дамуына жәрдемдесу болып табылады.

5. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеменің мүлкін бағасы оның теңгерімінде көрінетін заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеме мүлкі мыналардың есебінен құрылады:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері.

32. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген құралдар есебінен алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелердің, сондай-ақ мемлекеттік кітапханалардың, мемлекеттік мұражайлардың тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден түскен ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджетке аударуға жатқызылады.

34. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті саланың уәкілетті органының бюджетінен немесе жергілікті атқарушы органның бюджетінен не Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қаржыландырылады.

35. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

36. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметіне тексеру және ревизия жүргізуді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

6. Білім беру барысын ұйымдастыру

37. Мекеме орташа кәсіби процесін білім беретін кәсіби білімнен тұратын бағдарламаны жүзеге асырады.

38. Мекемеде білім алу үшін мекемеге қабылдау реті, мемлекеттік уәкілетті органдары бекіткен оқушыларды қабылдау ережелері бойынша іске асады. Мекемедегі оқушылардың қабылдауын жүзеге асыру үшін басшысының бұйрығымен бекіткен қабылдау комиссиясын құрады. Мемлекеттік мекемеге Қазақстан Республикасының спорт түрі бойынша белгіленген жаттықтырушылар мен оқытушылар қысуымен қабылдау комиссиясының мәжілісінде конкурстық таңдау нәтижелері бойынша оқушылар қабылданады.

39. Спорт Колледж әкімшілігі мекемеге қабылдау үшін жыл бойы Қазақстан Республикасының әртүрлі спорт түрлерінің бас бапкерлерін және Федерация мен Қазақстан Республикасы спорт және дене шынықтыру істері агенттігінің өкілдері кандидаттарды көрсету мақсатында ҚР аймақтарына жіберіп отырады.

40. Мекемеге қабылдау 7-11 сыныптан (мамандандығына байланысты) бастап, колледждің бірінші курсына 11 сыныпты аяқтағаннан кейін қабылданады, барлығы – 20 адам, 7-11 сыныптарға – 25 адам. Оқу кластарының саны уәкілетті орган бекіткен оқу жоспарымен анықталады. Оқу-жаттығу топтарын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының спорт және дене шынықтыру істері бойынша агенттігі бекітеді.

7-11 сынып оқушылары, 1-3 курс студенттері жарыстарда спорт көрсеткіштері бойынша, орта білім пәндерінің сапасы бойынша талаптарды орындамағандар, сонымен бірге ішкі тәртіп ережелерін бұзғандар белгіленген тәртіп бойынша колледжден шығарылады, 7-11 сынып оқушылары тұрғылықты мекені бойынша орта білім мектептеріне оқуды жалғастыру үшін жіберіледі.

Оқушыларды мектеп, колледжден шығару педагогикалық кеңес пен аттестациялық комиссияның шешімі негізінде басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама мүшелерінің ерекше көзгетүскен спортшылары үшін оқу мерзімі қажетті жағдайда уәкілетті органның келісімі мен ұғартылуы мүмкін.

Денсаулық жағдайына байланысты 7-11 сынып оқушылары мекемедегі оқуды жалғастыра алмайтын болса, тұрғылықты жеріне жіберіледі және міндетті түрде тиісті медициналық мекеменің шешімі негізінде іске асады.

41. Мемлекеттік мекеме оқушыны, студентті қабылдаған кезде оны(немесе) және оның ата-аналарын немесе заңды өкілдерін мекеменің Жарғысымен, білім беретін қызметтің құқықтық лицензиясымен және оқу-тәрби процесімен таныстыруға міндетті.

42. Оқуға қабылдау конкурстық негізінде орта мектепті бітірген және оқу-жаттығу топтарындағы жаттығуларды меңгере алатын спорттық дайындығы мол және спорттық топтағы спорттық шеберлігі бар спортшылар қабылдайды.

43. Өтініштерді қабылдау мерзімін, емтихандар кестесін, мекеме бекітеді. Колледжге қабылдау белгіленген мерзімде іске асады.

Ерекше жағдайда Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің өтініші бойынша белгіленген шарттарғасәйкес Қазақстан Республикасының спорт түрлері бойынша негізгі құрама командалардың мүшелері жеңілдікпен қабылданады.

44. Басшысының бұйрығымен қабылданған тұлға мекемеде оқушы болып табылады.

45. Оқу барысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасының оқу орындары үшін оқу бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

46. Жаттығу сабақтары 1 қыркүйекте басталып, оқу кестесіне сәйкес бітеді. Жаттығу сабақтарды өткізу мерзімдері және кәсіби тәжірибе жұмыс оқу жоспарлары және оқу барысының графиктерімен бекітіледі.

47. Жұмыстардың негізгі түрлері бекітілген:

- сабақ;
- жаттығулар; оқу-жаттығу жиындар, жарыстарға қатысу;
- қосымша сабақтар;
- жеке, топтық сабақтар;
- факультативтік сабақтар;
- бақылау жұмыстары;
- ортақ кәсіби тәртіп;
- арнаулы тәртіп;
- оқу тәжірибе;
- өндірістік тәжірибе;
- кезеңдік аттестация;
- түйінді аттестация;
- қосымша тәртіптер;

48. Оқу және жаттығу сабақтары мекеме басшысы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі.

49. Аралық іскерлік сараптау мен үлгерімнің аралық ағымдағы бақылауының формасы, реті және мерзімділіктері жұмыс оқу жоспарлары және бағдарламалардың негізінде мекемеде өңделеді.

50. Білімнің ағымдағы бақылауы коллоквиум, тестілеулер, сынақтар, жазба және ауызша түрде және бақылау жұмыстары арқылы жүргізіледі.

51. Колледж топтарын комплектілегенде, мектеп оқушысы спортшебері немесе спорт шеберіне үміткер нормативтерін орындаса, оны жоғарыспорт тобына алуға болады;

52. Оқу-жаттығу процесстері уәкілетті органының қойылған жұмысстейтін нормативтік актілері бойынша ұйымдастырылып жүргізіледі.

53. Оқу-жаттығу процессінің негізгі формаларын олар топтық және жеке оқу-жаттығулар мен теориялық сабақтар, медицина-қалпына келтіргіш шаралар, спорттық-сауықтыру, лагердегі жарыстарға араластыру, оқу-жаттығу жиындар, жарыстарға қатысу, нұсқаушы және төре тәжірибесі болып табылады.

54. Мекеменің білім беру және тәрбиелік қызметі мынандай жолменіске асады: 1) 1-ортақ орта білім (7ден 11 сыныптарға дейін);

2) П - орташа кәсіби білім (орта білімнің базасында 2жыл 10ай)

Мемлекеттік мекеме білім мен тәрбиелік бағдарламаларды жүзеге асыруда 7-9 класстары базасы негізінде мектептің аяқтауы туралы куәлік береді. 10-11 класстары базасында орта білім туралы аттестатты береді. 1-3курстардың базасында «дене шынықтыру» мамандығы және «спорт бойыншаоқытушы-бапкер» біліктілігі туралы диплом береді.

55. Жыл сайын оқушыларға демалыс беріледі.

1-3 курстағылар үшін жыл сайын қоғамдық көліктерде жүруінежеңілдіктер беріледі.

56. Оқу мемлекеттік тілде орыс тілдерінде жүргізіледі міндетті түрдестандартқа сәйкес шет тілдерінің бірінде жүргізіледі.

57. Мекеме қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде білуіне және дамуына, сонымен қатар орыс тілін және шет тілін мемлекеттік стандарттарына сәйкес өтілуін қамтамасыз етуі керек.

58. Колледжде білім алған бітіруші түлектерге «Дене шынықтыру менспорт» 0103000 мамандығы бойынша «Спорт бойынша жаттықтырушы-оқытушы» 0103033 біліктілігімен қосып диплом береді.

59. Ата-аналар және басқа заңды өкілдер өз балаларының үлгерімдерін, мінез-құлқанд және оқуының шарттары туралы кәсіпорыннан мәліметтерді алуға құқығы болады.

7. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету тізбесі мен тәртібі

60. Бюджеттік қаражат есебінен оқушыларға арналған ақылы қызметтер көрсетумен қатар, мемлекеттік мекеме мыналар бойынша келесідей ақылы қызметтердің түрлерін көрсетеді:

1) әртүрлі шараларды ұйымдастыру мен өткізу: оқушылар мен тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер мен ересек халық арасында спорттық жарыстар, семинарлар, мәжілістер;

2) дене шынықтыру-сауықтыру қызметтері;

3) тиісті саланың уәкілетті органымен келісілген контингенттен тыс тамақтанумен қамтамасыз ету.

Мемлекеттік мекеме тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша өзге ақылы қызметтерді көрсетуге құқылы.

61. Мемлекеттік мекеме мен оқушылардың, оның ата-аналары мен өзге заңды өкілдерінің ақылы білім беру қызметтерін жүзеге асыруға байланысты өзара қарым-қатынасы шартпен реттеледі. Ақылы негізде тауарларды (жұмыс пен қызметтерді) тапсыруға арналған үлгілік шарт үлгісін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

8. Медициналық-биологиялық қамтамасыз ету

62. Мекеме спорттық іріктеу және спортшылардың функционалдық дайындығы жағдайының диагностикасы, емдік-профилактикалық шаралар мен қалпына келтіру проиесстерін ұтымды жүргізу үшін тиісті аппаратуралармен, қажетті реактивтер мен дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі.

63. Медицина қызметкерлері жаттығу сабақтары, оқу «жаттығу жиындары, жарыстар мен демалыс кезінде спорт жөніндегі оқытушылармен тығыз байланыста болып оқушыларға медициналық бақылау жасайды. Спорт жөніндегі оқытушылар спортшыларды дайындаудың жеке жоспарларына түзету енгізу үшін дәрігерлік бақылаудың нәтижелерін пайдаланады.

64. Мектеп-интернатта оқушыларды медицинамен қамтамасыз ету үшін қалпына келтіру орталығы, функционалдық диагностика мен қалпына келтіру шараларын өткізу үшін қажетті ғимарат пен жабдықтар бар. Жыл сайын мектеп-интернатың оқушылары емдеу мекемесінде толық медициналық тексеруден өтеді.

9. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

65. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің зағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

66. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тиісті саланың уәкілетті органының шешімі бойынша жүргізіледі.

67. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.


11. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

68. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады

12. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

69. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Директоры



Қ.Тулеков

УСТАВ

Республиканского государственного учреждения

«Республиканская специализированная школа-интернат-кадетский

классического резерва» в микрорайоне «Шығаркыт» города Алматы

Комитета по делам спорта и физической культуры Министерства

культуры и спорта Республики Казахстан

Город Алматы

2018 год